«Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, биологиялық қауіпсіздік»
ғылымн, ғылыми-техникалық қызметін дамытудың басым бағыты бойынша ұлттық ғылыми Кеңестің
№ 5 отырыс хаттамасынан № 2 үзінді
17 қыркүйек 2026 жыл

Отырыстың өткізілген күні	**17 қыркүйек 2026 жыл**
Шешім қабылданған күн	**17 қыркүйек 2026 жыл**
Төрағалық еткен	**Шарипханов Сырым Дюсенгазиевич**
Сұрақтың сипаты	**Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау**

№ р/н	Хат	Сұрақтың сипаты	Кеңес шешімі	Негіздеме
1	ҒжЖБМ ҒК 31.08.2026 ж. № 16-17-7-7/5724-И	2026-2028 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстары аясында мақұлданған өтінімдердің күнтізбелік жоспарындағы іс-шаралардың орындалу мерзімін 2026 жылғы қыркүйек айынан бастау және толық 36 ай қамту үшін мақұлданған өтінімдерді қарауына қайта шығару туралы	Мақұлданды	"Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 487 бұйрығының 45 тармағы негізінде Кеңес келесі шешім қабылдады: 1. 2026 жылғы 24 маусымдағы № 321-VIII Қазақстан Республикасы Заңының (2026 жылғы 31 тамызда қолданысқа енгізілген) нормаларына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің хатына сәйкес, төмендегі конкурстар аясында бұдан бұрын мақұлданған өтінімдерге аталған Заңның нормалары қолданылсын: • «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша 2026–2028 жылдарға арналған жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсы; • Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша 2026–2028 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурсы. 2. Аталған конкурстар бойынша мақұлданған өтінімдерді іске асырудың және күнтізбелік жоспар іс-шараларын орындаудың жалпы ұзақтығы жобаны іске асыруға арналған шарт жасалған күннен бастап есептелетіні және толық 36 (отыз алты) айды қамтитыны белгіленсін, осыған орай жобалардың күнтізбелік жоспарларына тиісті түзетулер енгізу мақұлдансын. 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне осы шешімге сәйкес шарттар жасасуды және жобалардың күнтізбелік жоспарларын қайта бекітуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

Кеңес Төрағасы **Шарипханов Сырым Дюсенгазиевич**